

Бекітілген  
Жоспар  
17.11.2023 ж.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Молдір бұлақ » мектепке дейінгі ұйымы

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Бирманова .Б.О. Абдилдина .Г .К.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу. Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру, ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>"Еңбекке баулу"          Мақсат-міндеттері.          Балаларға сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болғанда жуып-шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.</p>	<p><i>Сейсенбі</i></p>	<p><i>Сәрсенбі</i></p>	<p><i>Бейсенбі</i></p>	<p><i>Жұма</i></p>
--	---	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------

	<p><b>ҚР. Гимнін орындайды.</b> Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. <b>(музыка)</b></p> <p><b>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>				
--	--	--	--	--	--

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаушалармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.</li> <li>1.2. Бастапқы қалып.</li> <li>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "Желбіре!" деген сөзді айтады.</li> <li>1.2. Бастапқы қалып.</li> <li>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауды сермеп "Жаса!" деген сөзді айтады.</li> <li>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ арасы алшақ, жалаулар тізе үстінде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауды жоғары желбіретіп "Тербе!" деген сөзді айтады.</li> <li>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге ұстау, дене бос, қол төменде.       <ol style="list-style-type: none"> <li>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</li> <li>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></li> </ol> </li> </ol>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш,        Сораптамай, баппен іш.        Келген асты алдыңа        Тауысып іш, қалдырма.        Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>  <b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттері.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Көк аспанда күн күлсін          Бірге күлсін бүлдіршін.          Көк аспанда күн күлсін          Жерге ұдайы нұр құйсын.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>"Еңбекке баулу"          Мақсат-міндеттері.          Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.</p>	<p>"Еңбекке баулу"          Мақсат-міндеттері.          Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және әдемілеп орналастыру, шкафтарда тәртіп сақтау, шаңды сүрту.</p>	<p>"Еңбекке баулу"          Мақсат-міндеттері.          Үйді өздігінен тазалауды, табиғат мүйісін мекендеушілерге қамқорлық көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу"          Мақсат-міндеттері.          Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, ас ішу құралдарын (қасық, шанышқы, пышақ) қойып шығу іскерліктерін жетілдіру.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Бауырсақ әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету.</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> <b>"Қолғап"</b> Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары-бері қозғау) <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Дамытушы жаттығу.</b> <b>"Бауырсақтың жолы".</b> Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын есте жаңғырту. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Барысы. Әр баланың үстелінің</p>	<p><b>"Гүлдердің атауын тап"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Гүлдердің атауларын атау біліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім бірінші тапса, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p>	<p><b>"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүріс кезегін өткізіп алмау. <b>(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</b></p> <p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Қояндарға құрақ көрпе" (ұжымдық жұмыс). Мақсат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кескінді үшбұрыштар арқылы толтырып</p>	<p><b>"Түрлі түсті жолақтар"</b> <b>дидактикалық ойын.</b> Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)</b></p>
--	---	--	--	---	--

<b>2- таңғы ас</b>	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, қолды жан-жаққа жібермей отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеуі; тамақтан соң алғыс айтуы. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</b>          Мақсат-міндеттері.          Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу;          дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру.          Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.          Көркем сөз.          С. Сейтхазин "Ағаш".          Қала да орман, қыр да орман.          Сонау алыс жылдардан          Өзен бойы, жол бойы          Орман, орман ырғалған.          Қаптай өскен өңірді          Орман қандай өмірлі!</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттері.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Күн нұрындай көңілім,          Даламдай кең пейілім.          Жүрегім толы мейірім,          Бәріне ортақ шуағым,          Қайырымды боламын.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттері.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Арайлап таң атты,          Алтын сәуле таратты.          Жарқырады күніміз.          Жарқырайды даламыз.          Қайырлы таң,          Қайырлы күн,          Балалар!  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Кім тез жүгіреді?" кимылды ойыны</b>          Мақсат-міндеттері.          Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттері.          Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
----------------------	---	--	---	--	---

<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді өз қажеттері жайында айтуды машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Бауырсақ секілді көңілді жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру.</p>	<p><b>Музыка</b> "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Жылан тәрізді болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.</p>
-------------------------------	---	---	---	---	--

<b>Түскі ас</b>	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b> Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.
<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>

<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды. <b>Еңбек әрекеті:</b> қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>"Ұшады құстар біздің бақта"</b></p>	<p><b>Ауа райы жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</b> Мақсат-міндеттері. Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үйрету. "Бұлтқа" фонемолық ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып</p>	<p><b>Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды</p>	<p><b>Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. <b>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог</p>
--	---	---	--	---	--

<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз</b>)          Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.          Асты шашпай, төкпей іш,          Сораптамай, баппен іш.          Келген асты алдыңа          Тауысып іш, қалдырма.          Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b>          "Геометриялық пішіндер әлемі".          Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Вариативті компонент/Шығармашылық</b>          "Алақай, қыс келді!"          Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгілінің құбылыстарымен таныстыру; қыс мезгілінде шыршаның жасыл болуының себебін түсіндіру; қар туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>"Ақшақарлар қалықтай ..." саусақ жаттығуы.</b>          Ақшақарлар қалықтай (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)          Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)          Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)          Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)          Мамықтай жерге түсіп, (алақандармен жоғарыдан бұлғап, төмен қарай түсіру)          Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге қою)</p>

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>"Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау.</b> Мақсат-міндеттері. "Бауырсақ" ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуға жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялауды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>

Серуен

**Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсияны жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)**

Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына басынан аяғына дейін зейін салып қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру.

Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, оның аумағында қандай өсімдіктер өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады.

Көркем сөз.

С. Сейтхазин "Ағаш".

Қала да орман, қыр да орман.

Сонау алыс жылдардан

Өзен бойы, жол бойы

Орман, орман ырғалған.

Қаптай өскен өңірді

Орман қандай өмірлі!

Нақтылау: қайсы ағаштар, қасы бұталар, қайсы гүлдер? Гүлзардың жанына тоқтап, ондағы гүлдерді қарастыру.

Балалар өсімдіктердің жаз мезгілінде жасыл түсті болатынын аңғарады. Жасыл түс - фотосинтездің (хлорофилл) нәтижесінде пайда болатын құбылыс.

**Еңбек әрекеті:** жолдарды сыпыру.

Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**

Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалмалы нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілеттерін дамыту.

**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**

Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдам жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысу, ептілік пен қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.

Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.

"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала өзіне керекті бояу түсін ешкімге айтпай таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.

Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрап жатады.

"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес (1, 2, 3) қағады да, "бояуды қуалап кетеді.

Егер "бояу" қашып кетіп, қайтадан қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.

<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b></p> <p>Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертегісі желісін драматизациялау). Мақсат-міндеттері. Балаларға «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау. Ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялау тәртібін үйрету.</p> <p><b>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. 3+</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін</p>	<p><b>"Кім жылдам жүгіреді?" қимылды ойыны.</b></p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалыныспай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсы ережеге сай және жылдам жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b></p> <p>"Мақтаншақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету.</p> <p><b>"Көңілді қоянның суретін тап" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Тақтадағы көңілді қоянның суретіне қарай отырып, жылдам тауып беру іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Барысы. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, мен сендерге қояндардың</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Ғажайып бөлме өсімдіктері". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде құрдастарының жауаптарын тыңдауды және гүлдерді аялауды, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>"Гүлдер" имитациялық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, ойлауды дамыту. Педагогтің айтуы бойынша қимылдарды жасауды үйрету. - Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша</p>
-------------------------------	---	--	---	---	--

<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығулар.</b> Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Балалар білетін санамақтарды қайталау.</p>	<p><b>"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балаң үйрек, Орган терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат.</p>	<p><b>"Тиын", "Бақа" тақпағын жаттатқызу.</b> Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары. "Тиын". "Аңдып тұрған жау жоқ па?!"- Дөп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап?! (көркем әдебиет)</p>
------------------------	--	---	---	--	---

<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты әндер. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлерін бояу, ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b> Еркін рөлдік ойындар.
---	---

<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>"Әке мен атаның бала тәрбиесінде алатын орны" тақырыбында әңгімелесу.</p>	<p><b>Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айтууды үйрету; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. <b>Еңбек әрекеті:</b> қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>"Біздің бақта</b></p>	<p><b>Ауа райы жағдайын бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үйрету. "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп</p>	<p><b>Мысықты бақылауды жалғастыру.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыруды үйрету; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықты арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге</p>	<p><b>Жүргіншілерді бақылауды жалғастыру.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылату; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастығын және айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік жасау. <b>"Көлік пен торғайлар"</b> қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай"</p>
---	--	--	---	---	---
